№21 «Алпамыс» бөбекжай балабақшасы

Вариативтік бөлім: «Асық терапиясы»

« Құлыншақ»ересек тобы

Тәрбиеші:Уразымбетова Гүлдана

2020-2021 оқу жылы

Омарбекова Ф.К.,
Алматы қаласы, Жетісу ауданы,
МКҚК «№51 бөбекжай - балабақшасы» меңгерушісі

АСЫҚ ТЕРАПИЯСЫ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында аталып өткендей ұлттық кодты жетілдіру мен сақтауда педагогикалық процесс ретінде асықтың мүмкіндіктерін пайдалануды жөн көрдік. «Асық деген не ?» - сұрағына жауап іздеп көрелік.

Асық – төрт түлік мал мен қоңыр аңдар тілерсегінде болатын, қызметі аса күрделі, буынға біткен шымыр сүйек. Қой, ешкі, сиыр, түйе асығы үлкен-кішілігіне қарамастан бір пішіндес, мүсіндес келеді. Ал жылқы асығы басқа пішінді болады. Асықпен «Ханталапай», «Үш табан», «Шеңбер» сияқты неше түрлі асық ойындары ойналады. Ойын кезінде асықтың сыртқы пішіндері үлкен рөл атқарады.

Алшы – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі. Тәйке (тауа) – асықтың иірілгенде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие. Бүге (бүк) – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие.

Шіге (шік) – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие. Тұрық – асықтың алшы не тәйке түсуі. Омпы – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі. Сомпы – асық тұмсығының көкке қарап, тік шаншылып шоңқая түсуі. Табан – асықтың тәйке жағы. Оңқай – асықтың бүгесі алақанға қарап, тәйкесі оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы.

Оңқай асық – малдың сол жақ аяғының тілерсегінде болады. Солақай асықтың – шігесі сыртқа қарап, алшысы оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы. Солақай асық – малдың оң жақ аяғының тілерсегінде болады. Сақа – қолдағы бар асықтың үлкенінен, ірісінен, межемдісінен, салмақтысынан, оңқайынан белгіленеді. Солақайлар сақаны солақай асықтан ұстайды.

Асықпен ойын балаларды еретеректе шеберлікке, мергендікке, батылдыққа, шешімдікке, ырымға ырысқа - тәрбиелеу құралы болған. Педагогика және психология ғылымында мектепке дейінгі балалардың жетекші әрекеті ойын екендігі мойындалып, білім берудің нәтижелігі ойынның алуан түрлілігіне, оқу-тәрбие мақсатында үйлесімді қолдануға тікелей байланыста екендігі дәлелденген. Мектепке дейінгі педагогика ғылымында балаларды дамыту, білім беру, тәрбиелеу мақсатында қолданылып келген педагогикалық технологиялар жеткілікті. Дүние жүзінде және елімізде қолданыста болып, балабақшадағы педагогикалық процестің тетігіне айналып келеді. Өкінішке орай ұлттық кодты білдіретін педагогикалық әдістемелер, технологиялар, ойындар жеткіліксіз. Балалардың мектепке дейінгі кезеңнен ақпараттық технологиялардың

дамуына байланысты компьютерлік ойындармен әуестігі байқалып келеді. Компьютерлік ойындардың педагогика ғылымында тиімді және зиянды жақтары күннен күнге артып келеді.Біз: «Ата-аналармен балалардың ойыны.Қазіргі балалар ойнайды ма? Балалар ойындарының тақырыптары қандай? Балаларға арналған ойындардың қандайын білесіздер? » деген сұрақтарға жауап іздеп,дөңгелек үстел өткіздік.Сонда ата-аналардың көпшілігі балалардың смартфондар мен компьютерлік ойындарды ойнаудағы кері әсерін және олардың бала денсаулығына келтіретін зиянды жақтары туралы пікірлерін ортаға салды. Дөңгелек үстел соңында, салыстырмалы түрде төмендегідей асық ойындарының пайдасы мен компьютерлік ойындардың зиянын ата-аналарға түсіндіріп жеткіздік.

Компьютерлік ойындар:

1. Баланың жүйке жүйесін тоздырады.
2. Баланың бойына тұйық мінезді қалыптастырады.
3. Қан айналымын бұзады.
4. Жүрек-қан тамырларының жұмысын баяулатады.
5. Кәөдің көруін нашарлатады.
6. Бойдың өсуіне кері әсер етеді.

Асық ойындары:

1. Баланың ойлау қабілетін дамытады.
2. Адамдармен тез тіл табыса білуге үйретеді.
3. Денені шынықтырады.
4. Қан айналымы мен тыныс алу мүшелерінің жұмысын жақсартады.
5. Көз қашықтықтан көруге қалыптасады.
6. Бойдың жылдам өсуіне көмектеседі.

Бекітемін.
№21 «Алпамыс» бөбекжай- балабақшасының
меңгерушісі _____ Э.Нурмаганбетова

Вариативтік бөлім:«Асық терапиясы»

« Құлыншақ»ересектер тобы

2020-2021 оқу жылы

р/с	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
1	Асық туралы түсінік беру	Асық туралы түсінік беру. Балалардың дүниетанымын кеңейту.	1	01.09 2020ж
2	Асық түрлерімен таныстыру	Асық түрлерімен таныстыру. Ұмытылып бара жатқан ойынды жаңғырту, бабаларымыздың ойыны туралы түсінік беріп, қызығушылықтарын ояту.	1	08.09 2020ж
3	Асық ойынының тарихы мен оның тәрбиелік мәні	Асық ойынының барлық ережелерін, қыр -сырларын туралы түсіндіре отырып, асықтың түрлері мен ерекшеліктері туралы түсіндіру. Қазақтың ұлттық ойыны - асық ойынын дәріптеу.	1	15.09 2020ж
4	«Алшы» (ұлттық ойын)	Балаларды мергендікке, ептілікке, икемділікке тәрбиелеу Қимыл қозғалысын жетілдіру	2	22.09.2020 29.09.2020
5	«Асықты жіпке тізу»(асық терапиясы)	Асықтарды жіпке тізу арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту.	2	06.10.2020 13.10.2020
6	«Төрт асық»(ұлттық ойын)	Балаларға бір асықта төрт түрлі пішім бар екенін және әр пішімнің әр қыры бар екенін түсіндіру.Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	2	20.10.2020 27.10.2020
7	Асықпен із салу(асық терапиясы)	Балалардың саусақ моторикасын дамыту.Тиянақтылыққа.ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	03.11 2020ж
8	«Бес асық» (ұлттық ойын)	Төзімділікті, ептілікті, икемділікті дамыту;	2	10.11.2020 17.11.2020
9	«Асықпен құмда сурет салу» (асық терапиясы)	Балалардың ұсақ қол моторикасын, қиялын дамыту.Бейнелеуге деген қызығушылығын арттыру.	1	24.11.2020
10	«Асық ату»	Балаларды мергендікке, ептілікке үйрету. Аяқ-қолдың кимылын жақсарту.	2	08.12. 2020ж

11	«Санамақ» (асық терапиясы)	Балалардың есепке жүйріктігін қалыптастыру. математикаға бейімін арттыру .	1	15.12 2020ж
12	Хан»(ұлттық ойын)	Байыптылық, ұстамдылықпен қоса өте ептілікке үйрету.Балаларды жақсы дәстүрге тәрбиелеу, өзін-өзі басқара білуге машықтандыру.	2	22.12.2020ж 29.12.2020
13	«Қағазда қанша тор,қанша асық?» (асық терапиясы)	Балалардың математикаға бейімін арттыру. Ой-өрісін арттыру,шығармашылығын дамыту.	1	05.01 2021ж
14	Тас қала»(ұлттық ойын)	Шапшаң да жинақы, таза да әдепті болуға тәрбиелеу.Баланы бәсекелестікке жетелеп, талаптылыққа тәрбиелейді.	2	12.01 2021ж 19.01.2021ж
15	Мозаика(асық терапиясы)	Балалардың логикалық ойлауы мен есте сақтау қабілеттерін арттыру.Шапшаңдыққа тәрбиелеу.	1	26.01 2021ж
16	«Түс ажыратқыш» (асық терапиясы)	Балаларды түстерді ажырата білуге үйрету.	1	02.02 2021ж
17	«Тақтайшаны әсемдеу» (асық терапиясы)	Балалардың эстетикалық талғамы мен шығармашылық қабілетін дамыту.	1	09.02 2021ж
18	«Сиқырлы асық» қолғаптары-мен ұқалау (асық терапиясы)	Балаларды шыдамдылыққа,төзімділікке,ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	16.02 2021ж
19	Асықты тақтайшамен жүру(асық терапиясы)	Балалардың аяқ,қол еттерін қатайту.Жалпақтабандылықтан арылту,Дұрыс жүруін,дене бітімін қалыптастыру.	1	23.02 2021
20	«Дойбы»(тастары сүйектен жасалған)	Қол буындарының икемді болуына баулу.Ой-өрісін дамыту.Тиянақтылыққа,тез шешім шығара білуге үйрету.	2	02.03 2021ж 09.03 2021ж
21	«Кім жылдам» (асық терапиясы)	Балаларды шапшаңдыққа,ептілікке,тез шешім шығара білуге үйрету.	1	16.03 2021
22	«Суреттегі заттарды сандармен сәйкестендір» (асық терапиясы)	Балалардың ой-өрісін дамыту. Сандарды ажырата білуге үйрету. Ой-қиялын дамыту.	1	30.03 2021ж
23	Хан талапай» (ұлттық ойын)	Балалардың жылдамдығын жеделдету, нерв жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.	2	06.04 2021 13.04 2021
24	«Алғыр» (ұлттық ойын)	Балаларды ептілікке,мергендікке үйрету.Қолдың бұлшықеттерін дамыту.	2	20.04.2021ж 27.04.2021

25	«Атқапыл» (ұлттық ойын	Балалардың есте сақтау қабілетін арттыру	1	04.05.2021. 11.05.2021.
26	«Иірмекіл» (ұлттық ойын)	Балаларды шымырлыққа, дене күшін жетілдіруге үйрету	1	18.05.2021 26.05.2021

Барлығы:36 сағат

Бекітемін.
№21 «Алтамыс» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі _____ Э.Нурмаганбетова

Вариативтік компонент: «Сиқырлы сандар»

« Құлыншақ»ересектер тобы

Тәрбиеші:Уразымбетова Гүлдана

2020-2021 оқу жылы

Тақырыптық жоспар үлгісі

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Күні	Көрнекілігі	Мақсаты
1	Сурет бойынша сызықтарды қосу	1	02.09 2020г	Дидактикалық үлестірмелер, суреттер	Балалардың көз зердесін қалыптастыру
2	Түс және пішін	1	09.09 2020г	Суреттер	Түсті және заттардың пішінін ажырата білу
3	Суретпен жұмыс. Заттардың бағытын,орнын ауыстыру	1	16.09 2020г	Сурет	Заттардың кеңістікте орналасуы жайында түсінік беру
4	Заттарды санау. Тура және кері санау	1	23.09 2020г	Суреттер	Заттарды санау,әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру
5	«Біз нешеуміз»	1	30.09 2020г	Үлгі, суреттер	Санауға үйрету,есте сақтау қабілетін дамыту
6	Суретпен жұмыс	1	07.10 2020г	Үлгі, суреттер	Суреттегі заттарды салыстыру,олардың айырмашылықтарын таба білу
7	«Кім қай партада отыр?» (Ойын)	1	14.10 2020г	Сурет	Сандар қатары туралы түсініктерін бекіту
8	«Сиқырлы қоржын»(Ойын)	1	21.10 2020г	Таңбалар үлгісі, сандар	Геометриялық фигураларды тани білу дағдыларын қалыптастыру
9	Таныс фигураларды ата	1	28.10 2020г	Сандар	Оқушылардың көз зердесін, есте сақтау қабілеттерін дамыту
10	Геометриялық	1	04.11 2020г	Фигуралардың	Геометриялық фигуралардың әр түрлі

	фигуралармен танысу			суреттері, атаулары	белгілеріне қарай салыстыру
11	«Сәулетші» ойыны	1	11.11 2020	Сандар, суреттер	Геометриялық фигуралардан түрлі заттар құрастыру
12	Қызықты текше	1	18 11 2020	Кестелер, суреттер	Сандардың ретін меңгерту
13	Көңілді санамақтар	1	25 11 2020	Сандар,суреттер	Жылдам санау дағдыларын ұштау
14	«Ойнайық та, ойлайық»	1	02 11 2020	Сандар	Логикалық есептер шығаруға үйрету
15	«Жылдам ойлан!»	1	09.12 2020	Фигуралардың суреттері	Ойын – тест арқылы қажетті жауапты таңдай білуге дағдыландыру
16	Сырсандық білімдарларға	1	23.12 2020	Фигуралар	Белгісіз санды және өрнектің мәнін табуға машықтандыру
17	Бүтін және бөлік	1	30.12 2020	Суреттер	Бүтін заттың бірнеше бөліктен тұратынын түсіндіру
18	Сұйық және сусымалы	1	06.01 2021ж	Суреттер	Сұйық және сусымалы заттарды ажырата білуге үйрету
19	Қай уақыт, сағат неше?	1	13 01.2021	Сағат	Уақыт туралы түсініктерін дамыту
20	Заттардың орналасуы	1	20.01 2021ж	Сандар	Заттарды түр – түсіне қарай ажыратуға, санауға үйрету, ретімен орналастыру
21	Ойын есептер	1	27.01 2021ж	Суреттер	Оқушылардың ауызша есептеу дағдыларын дамыту
22	Теңге, монеталар.	1	03.02 2021ж	Суреттер	Балаларға теңге, монеталар жайында алғашқы түсінік беру
23	Ойын «Кім тапқыр?»	1	10.02 2021ж	Сандар,суреттер	Сандар қатарының қасиеті жайындағы білімін пысықтай түсу

24	Арифметикалық лото (Ойын)	1	17.02 2021ж	Кестелер	Кестелік қосу және азайту тәсілдерін пысықтау
25	Есептер шығару	1	24.02 2021	Сандар	Арттыру, кеміту және ауызша, жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастыру
26	«Кім жылдам?»	1	03.03 2021ж	Сандар	Оқушылардың қосу және азайту таңбаларын ажырата білу дағдыларын қалыптастыру
27	Тез есепте!	1	10.03 2021ж	Сандар	0- ден 10- ға дейінгі сандар қатарын дұрыс айтуға дағдыландыру
28	Ойын есептер «Ойлан тап!»	1	17.03 2021ж	Сандар	Балаларды өз бетінше есеп құрастыруға үйрету
29	20-ға дейінгі сандарды санауға үйрету «Сандардың орнын тап» ойын	1	31.03 2021ж	Кестелер	20-ға дейінгі сандарды ауызша және жазбаша санауға дағдыландыру
30	Сандар құрамымен жұмыс	1	07.04 2021	Сандар	Сандар құрамын жылдам таба білуге үйрету
31	Ойнай отырып, ойла	1	14.04.2021 21.04.2021	Сандар	Көзбен көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту
32	Математикалық эстафета	1	28.04.2021 05.05.2021	Сандар	Балалардың алған білімін тексеру, бекіту
	Барлығы	**32 сағат**			

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
2. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы
3. Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы
4. Ш.Х.Құрманалина, С.Ш.Сәрсенбаева,Р.Қ.Өміртаева
   Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар
5. Б.М.Қосанов,Р.Қ.Өміртаева
   Математикадан қызықты жаттығулар
6. Ш.Х.Құрманалина,М.Жұмабекова,Р.Өміртаева
   Математикаға арналған дидактикалық материалдар
7. Л.В.Кирилинская, А. Сәулебаева , М.К. Абаева –Бегалиева
   Сиқырлы математика «Шикула және К» 2010 жыл
8. Қызықты сандар құпиясы Алматы-2008 жыл
9. С.Мадалиева
   Сиқырлы математика елі

Құрастырушы –автор: С.Т.Аймағанбетова
Облыстық оқу орталығының шығармашылық топ мүшесі,
№37 орта мектеп директорының орынбасары, Сырдария ауданы